

## **4-тақырып.**

**Қоғамдық өндіріс нысандары.  
Тауар және ақша. Капитал.**

## ● Жоспар:

- 1. Қоғамдық шаруашылық және оның түрлері.
- 2. Тауар және оның қасиеттері
- 3. Ақша теориялары
- 4. Капитал

## *1. Қоғамдық шаруашылық және оның түрлері.*

Қоғамдық шаруашылық деп араларында қызметтердің (іс-әрекеттердің) және осы қызметтер нәтижелерінің айырбасы жасалып отыратын, бір-бірімен өзара байланысты экономикалық субъектілердің жиынтығын айтамыз.

Қоғамдық шаруашылықтағы айырбас екі түрде болады: табиғи және тауарлы.

Табиғи айырбасқа сәйкес келетін **натуральды шаруашылық** болып табылады, бұнда өнімдер шаруашылық ішінде тұтынуға, өндірушілердің тек өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өндіріледі. Бұндай шаруашылықтардың қатарына жататындар: алғашқы қауымдық құрылыс, патриархалдық отбасылық шаруашылық, құл иеленушілік және феодалдық қоғамдар.

**Тауарлы** шаруашылық табиғимен салыстырғанда дамыған, әрі күрделі болып саналады, бұнда еңбек өнімдері тек өздері тұтыну үшін ғана емес, сонымен қатар нарықта айырбастау үшін де өндіріледі.

Тауарлы өндіріс екі себептің күшімен туындайды:

- 1) қоғамдық еңбек бөлінісінен;
- 2) өндірушілердің жеке меншікке иелік жасауына байланысты белгілі бір тауарды шығару барысында шаруашылығының оқшаулануынан.

Тарихта алғашқыда тауарлы шаруашылық қарапайым түрде дамыды. Ол өнімді шығаруда өзінің еңбегі мен салыстырмалы қарапайым еңбек құралдарын пайдаланған шаруалар мен қолөнершілердің еңбегімен сипатталады.

## 2. Тауар және оның қасиеттері

Тауарлық өндірістің басты категориясы еңбек болады.

Тауар екі қасиетке ие болады:

- 1) адамдардың қандай да болмасын бір қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті;
- 2) басқа тауарларға айырбасталу қабілеті.

Тауардың бірінші қасиеті тұтынушылық құны деген атау алды. Бірақ, кез-келген пайдалы нәрсе тауар бола ала ма деген сұрақ туындайды. Оған жоқ деп жауап береміз.

Себебі, тауар болу үшін тұтынушылық құн:

біріншіден, табиғат өнімі емес адам еңбегінің нәтижесі болуы керек;

екіншіден, қоғамдық пайдалылық қасиетіне ие болуы керек, яғни адам өзі үшін емес, басқалар үшін өндіруі керек;

үшіншіден, пайдалы зат басқа нәрсеге эквивалентті түрде айырбасталу процесінде ғана тауар бола алады.

Тұтынушылық құнның бір түрінің екінші түріне айыбасталу пропорциясы  
(мысалы, А тауарының Х шамасы = В тауарының У шамасына = С тауарының 1 шамасына - ...)  
айырбастау құны деп аталады. Әртүрлі тауарларда тең болатын айырбастау пропорциясын не анықтайды?

Бұл сұраққа екі жауап бар. Оның мәні мен мазмұнын еңбек құнының теориясы мен шекті пайдалылық теориясының өкілдері әртүрлі тұрғыдан түсіндіреді.

Еңбек құнының теориясын классикалық саяси экономияның өкілдері (У.Петти, А.Смит, Д.Рикардо) қалыптастырды және оны әрі қарай дамытып тереңдеткен ғалым К.Маркс болды.

Еңбек құнының марксистік теориясы бойынша, тауар - қандай да болмасын бір қажеттілікті қанағаттандыратын және нарықта айырбастау үшін, сату үшін өндірілген еңбек нәтижесі.

Тауардың екі жақты табиғаты маркстік теорияда тауар өндірушілердің еңбегінің екі түрлі сипаттығымен түсіндіріледі: еңбек бір мезгілде нақты және абстракты бола алады.

Нақты еңбек деп белгілі-бір анық мақсатпен шығындалатын және еңбектің барлық басқа түрлерінен сапалы айырмашылығы бар пайдалы еңбекті айтамыз. Нақты еңбектің әрқилы түрлері өздерінің мақсатымен, еңбек операцияларының сипатымен, еңбек құралдарымен, еңбек жабдықтарымен және түпкі нәтижелерімен айрықшаланады.

Құн - тауарға берілген абстрактылық, қоғамдық еңбек болғандықтан, тауар құнының шамасы осы еңбектің мөлшерімен өлшенуі керек. Өкінішке орай, еңбек шығындарының шамасын өлшейтін құрал-жабдықтар жоқ. Сондықтан оларды жұмыс уақытының шығындарымен өлшейді. Бірдей тауардың әрбір данасын шығару үшін өндірушілер әр түрлі (жеке) уақыт жұмсайды.

Еңбек құнының теориясы бойынша айырбастау пропорциясының негізі болып - құн, яғни тауар өндірушілердің тауарға айналған қоғамдық еңбегі саналады.



Тауар құнына еңбек өнімділігі, еңбек қарқындылығы, еңбектің күрделілік деңгейі сияқты факторлар әсер етеді.

*Еңбек өнімділігі* деп жұмысшының берілген уақыт аралығында өнімнің белгілі бір көлемін өндіру қабілеті түсіндіріледі. Еңбек өнімділігі жоғары болған сайын тауар бірлігінің құны төмен болады. Еңбек өнімділігінің өсуі белгілі-бір уақыт бірлігінде бірдей шамадағы еңбек шығындаумен шығарылатын өнім көлемін жоғарылатады.

*Еңбек қарқындылығы* - бұл кезде жұмысшы жұмыс күнінің ұзақтығын өзгертпей-ақ, еңбек шығындарын арттыру, яғни оның қарқындылығын ұлғайту есебімен көбірек өнім өндіре алады. Тауар бірлігінің құны еңбектің қарқындылығы артқаннан өзгермейді, өйткені тауар бірлігінің өндірісіне шығындалатын еңбек мөлшері өзгермейді.

Тауар құнының мөлшері шығындалатын еңбектің көлеміне ғана емес, сонымен қатар оның күрделілігіне де тәуелді. Күрделілік деңгейіне қарай еңбек қарапайым және күрделі болып екіге бөлінеді.

**Қарапайым** еңбек - бұл арнайы кәсіби дайындықты қажет етпейтін еңбек.

**Күрделі** еңбек - бұл дәрежеленген немесе көбейтілген қарапайым еңбектердің қосындысы. Оларға жұмсалған жұмыс күшінің шығыны бірдей болғанына қарамастан, күрделі еңбектің өнімінің құны қарапайым еңбектің өнімінің құнынан жоғары болады.

### 3. Ақша теориялары

Ақша - айырбас пен құн түрлерінің тарихи ұзақ дамуының нәтижесі.

Ақша—жалпы эквивалент рөлін атқаратын тауар немесе жалпы өтімділік (яғни сатылатын) құралы. Ақшаның мәні оның атқаратын қызметтерінде толығырақ көрінеді. Алтын стандарты кезінде ақша келесі қызметтерді атқарды:

**1.Құн өлшемі.** Құн өлшемінің қызметін атқара отырып, ақша тауарлар құндарын өлшейді. Ақшада белгіленген тауардың құны оның бағасы болады.

2. **Айналым** құралы. Ақша пайда болысымен жалпы тауарлы айналымды тауар-ақша-тауар моделінде көруге болады. Бұл процессте ақша делдал рөлін ойнап, айналым құралының қызметін атқарады. Айналым құралы ретінде ақша бартер айырбасының қолайсыздықтарынан қашқақтауға мүмкіндік береді. Алтын монеталары бұл қызметті тез арада орындағандықтан, қолдан қолға көше бергендіктен, оларды қағаз ақшалар ауыстыра бастады. Алғашқы рет Қытайда XII ғасырда пайда болып, қағаз ақшалар алтынға еркін айырбасталды, бұл қағаз ақшалардың тек алтынның белгісі екенін көрсетті.

3. Ақша **жинақ** құралы және қазына байлықты қалыптастыру құралы. Айналымға қатыспаған алтын монеталары, сондай-ақ алтын бұйымдары, кұймалар байлықтың көзі ретінде қор сияқты жиналды. Алтын жинағы ақша айналымының автоматты реттеушісі рөлін атқарды.

4. Ақша **төлем** құралы ретінде. Көптеген жағдайларға байланысты тауарлар әрқашанда тез арада қолдағы ақшамен төленіп сатыла бермейді, сондықтан ақшаның төлеу мерзімін ұзарту туындайды. Несиеге сатылып алынған тауарларды төлеуде, ақша қарыздарын қайтарғанда, жер үшін жалгер төлемін төлегенде, салық төлегенде т.с.с ақша төлем құралы ретінде Т-Т-А қызметін атқарады. Осының нәтижесінде қағаз ақшаның несиелік ақша түрлері: вексельдер, банкноталар, чектер пайда болды. Соңғы уақытта ақша төлем құралы ретінде көбінесе электрондық түрде көрініс тауып, “электрондық ақша” болып келе жатыр.

5. *Әлемдік* ақшалар; Халықаралық саудада ақшалар алтын құймалары түрінде пайдаланылды. Еске салып кететін нәрсе, бұл қызметтер алтын стандарты кезеңінде орындалды, олар халықаралық есептеу үшін қолданылды. Бірақ ХХ- ғасырда алтын стандарты қолданылмайтын болды. Оның алып тасталуы екі сатымен өтті.

Алғашқыда алтын стандартының орнына алтынвалюталық стандарт жүйесі орнады (Бреттон-Вудс жүйесі). Осы жүйеге сәйкес заң жүзіндегі әлемдік ақшалармен параллельді түрде алтын және ұлттық қағаз валюталары қызмет істеді, ең басымы АҚШ доллары болды. Әлемдік нарықтардағы тауарлардың бағалары валюталармен тағайындалды, халықаралық есептесулер валюталармен жүргізілді. Әрбір валютаның құны қатаң түрде доллармен белгіленді, ал ол арқылы-алтынмен өлшенді. Алтынның бағасы бір тройлық унцияға (31,1 грамм таза алтын) 35 доллар деңгейінде бекітілді.

XX-ғасырдың 70-ші жылдарында болды, бұл кезде долларды алтынға айырбастау ресми түрде тоқтатылды (1971 ж.), ал валюталардың тұрақты бағамының орнына «құбылмалы» бағамы орнады. 1976 ж. Ямайкадағы келіссөзде жаңа валюталық стандарт бекітілді. Ол келесілермен сипатталады:

- ресми төлемдерден алтынды алып тастау және оның ресми бағасын жою;
- әлемдік ақша ретінде тек қана ұлттық қағаз ақшаларды қолдану;
- жасанды (келісімді) әлемдік ақша құру бағытына бет бұру.

Сөйтіп, XX-ғасырдың 70-ші жылдарында алтын ақша рөлін орындауды доғарды, оның демонетизациялануы болды, ал енді ақша қазіргі уақытта тек қана үш қызмет атқарады: *өлшемі, айналым құралы, төлем құралы.*

Қазіргі кезде әлемдік ақша рөлін ұлттық (доллар, иена және басқалар) немесе ұжымдық (евро, араб есептесу динары және басқалар) валюталар орындайды.

Алдағы уақытта ұжымдық валюталар негізінде ұлттықтан жоғары біртұтас төлем құралы, әлемдік ақша сияқты төлем құралы қалыптасуы мүмкін.

Ақша айналымы заңдарының ішінде айырбастау теңдеуін немесе «Фишер формуласын» бөліп көрсетуге болады. Айналымға салу үшін қажетті ақшаны И. Фишер формуласы арқылы анықтайды:

$$MV=PQ$$

Бұдан:

$$M=PQ/V$$



мұндағы:  $M$  - айналымға қажетті ақша массасы;  
 $V$  - ақша айналымының жылдамдығы;  
 $P$  - тауар бағасының деңгейі;  
 $Q$  - айналымдағы тауар саны.

Бұл формулалар инфляция құбылысын түсінуге мүмкіндік береді. Егер қағаз ақшалар айналымға қажетті ақша шамасынан асып түссе, онда қағаз ақшалардың құнсыздануы пайда болады, ал бұл тауарлардың бағасының өсуімен қосарласып жүреді. Осындай құбылыс инфляция деп аталады.

*Ақша теориялары:*

*Металлистік* — ақшаны құнды, асыл металдармен теңестіреді;

*Номиналистік*—ақшаны тек құнның белгісі, шартты есеп бірліктері, мемлекет билігі мен құқықтық қатынастардың өнімі деп санайды.

*Сандық* — бұған сәйкес ақша құнының шамасы оның санына кері тәуелділікте болады.

*Реттелетін валюта* — бұл теория айналымдағы ақша санын реттеуді тауар бағаларын, еңбекақыны, өнім шығару көлемін бірқалыпқа келтіру және жұмыссыздықты жоюдың басты құралы деп есептейді.

Экономикада ақшаның рөлін тек қана ақша атқарып қоймайды, сонымен қатар тауарлар мен қызметтер үшін төленетін кез-келген төлем құралы да атқарады. Бұндай төлем құралдарын *өтімділік* деңгейімен ерекшеленетін ақша агрегаттарына топтайды.

Өнеркәсібі өркендеген мемлекеттерде ақша массасы құрамын анықтау үшін негізгі ақша агрегаттарының төмендегі жиынтығы пайдаланылады.

**M<sub>1</sub>** - банк жүйесінен тыс айналыстағы қолма-қол ақшалар (металл ақшалар және қағаз ақшалар), депозиттер, жол чектері жатады.

**M<sub>2</sub>** — оған M<sub>1</sub> агрегаты, чексіз жинақ депозиттері және ұсақ (100 мың доллардан аспайтын) тез салымдар жатады.

**M<sub>3</sub>** — оған M<sub>2</sub> агрегаты және ірі тез (100 мыңнан жоғарғы) салымдар және депозиттік сертификаттар жатады.

## 4. Капитал

Өндірістік қорлар немесе капитал үш сатыдан өтеді: өндіріс факторларын сатып алу, өндіріс құралдары мен жұмыс күшін біріктіру арқылы жүретін өндіріс процессі, тауарларды сату және пайда алу. Өндірістік қорлардың (капиталдың) үш сатыдан тізбектеліп өтуі өндірістік қорлардың айналым шеңберін қалыптастырады. Өндірістік қорлардың айналым шеңбері - үзіліссіз қайталанып отаратын процесс, сондықтан бұл айналым шеңбері қор (капитал) айналымы деп аталады. Қор айналымының уақыты өндіріс уақыты мен айналым уақытынан тұрады. Қор иесінің өндіріс факторларына авансталған қаржысының шамасы тауарларды сату арқылы белгілі - бір уақытта түгелімен қайтарылса, онда сол кезде қор (капитал) айналымы аяқталады.

$A - T \dots \Theta \dots T^1 - A^1$

Капиталдың бір формадан екінші формаға айналатын қозғалысын оның **ауыспалы айналымы** деп атайды. Формула көрсетіп тұр — капиталдың ауыспалы айналымы пайда жасауды көздейді:

Айналым ерекшеліктеріне байланысты өндірістік қорлар **негізгі** және **айналмалы** болып бөлінеді. **Негізгі** өндірістік қорлар ұзақ уақыт қолданылады, ал **айналмалы** өндірістік қорлар - тек қана бір өндірістік циклде пайдаланылады. Өндірістің негізгі қорларының **физикалық** және **моральдық** тозуын ажыратады. Негізгі капитал өзінің құнын дайын өнімге бөлшектеп енгізіп отырады, бұл процессті **амортизация** деп атайды. Аталған жағдайларда негізгі капитал ескіреді, оның құны жойылады, сондықтан ескірген құрал-жабдықтарды жөндеу, жетілдіру үшін немесе түгелімен алмастыру үшін **амортизациялық қор** құрылады. Бұл қордың қаражаты жыл сайын төленіп отыратын амортизациялық жарналардан тұрады. Жыл сайынғы амортизациялық аударымдардың еңбек құралдарының құнына пайыздық қатынасын **амортизация нормасы** деп атайды.

Кәсіпорынның айналым қорының құрамына дайын өнім мен кәсіпорынның ақшалай қаражаттары кіреді. Айналымды өндірістік қорлар мен айналым қоры кәсіпорынның айналым қаражаттарын құрайды.

Айналым қаражаттары әрдайым айналыста болады және бұл айналыс қаражаттарды тиімді пайдаланудың маңызды көрсеткіші болып есептеледі.

Жалпылап айтқанда өндіріс тиімділігі алынған нәтиже мен оған жетуге себепші болатын көрсеткіштердің ара қатынасымен анықталады.

Өндіріс тиімділігінің басты көрсеткіштері болып келесілер саналады: еңбек өнімділігі, еңбек сыйымдылығы, қормен қамтамасыз ету, қор қайтымы, қор сыйымдылығы, материал сыйымдылығы.